

Қарағанды облысы білім басқармасының
Балқаш қаласы білім бөлімінің
«Әлихан Бөкейханов атындағы Балқаш қаласының №15 мектеп-лицейі» КММ
Директор жанындағы жиналыс
хаттама №2 (көшірме)

Күні: 10.01.2023жыл

Қатысқаны: 83

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау.
2. Заңсыз ақша жинамау.

Бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры А.Т.Токейбекова

1. Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - *Министрлік*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бойынша:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

уадамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) ашықтық;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылатындығын таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша ДООЖО Ерменбетова Г.О.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мереке күндері ақша жинамау туралы педагогикалық ұжымға таныстырылды. Осыған орай мектеп-лицейдің әр түрлі іс-шараларына, ғимаратты тазалауға, оқу бөлмелерін жөндеуге, мұғалімдер мен тәрбиешілерге сыйлық беруге, мерекелік іс – шараларда, кәсіби мерекелерде, ақша жинауға тыйым салынатынын әрі рұқсат етілмейтіні туралы қатаң түрде ескертілді.

Мектеп-лицейде:

- кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
- концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуге ақша жинауға;
- мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
- мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;
- тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
- жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
- мектеп-лицей қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу;
- Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында мектеп-лицей ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуынсыз өткізілісін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);

Шешім:

1. Мектеп-лицейдің әр түрлі іс-шараларына, ғимаратты тазалауға, оқу бөлмелерін жөндеуге, мұғалімдер мен тәрбиешілерге сыйлық беруге, мерекелік іс – шараларда, кәсіби мерекелерде ақша жинауға тыйым салынсын.

2. Мектеп-лицей қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізу директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Исаинова Мереке Байжигитовна, Карина Гульмира Толегеновна, Фарида Айтказыевна Мухаметжановаға, мектепке дейінгі тәрбие "Таңшуақ" шағын орталығының әдіскері Бидайбекова Айнагуль Ерлановна және сынып жетекшілерге жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры

А. Төкпейбекова

Хатшы

Г. Карина

